

## №1 ХАТТАМАСЫ

07 наурыз 2024 жыл

10:00

Хромтау қаласы

Хромтау ауданы әкімдігінің

мәжіліс залы

**Төрағалық еткен: аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы-**

**Ашабаев Болат Бұзаубайұлы.**

Б.Ашабаев –қоғамдық кеңестің төрағасы жиналысты ашып, күн тәртібімен таныстырды.

**Қатысқандар:** аудандық қоғамдық кеңестің тұрақты мүшелері, аудандық мәслихат хатшысы Болатов Эльмұрат Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары Жаконов Сәндібек Муратұлы, Хромтау қаласының әкімі Шабикбаев Сағындық Нурғалиұлы.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1.Хромтау ауданындағы және қала аумағында көктемгі су-тасқынына байланысты іс-шараның дайындығы туралы,сонымен қатар аудан,қала көлеміндегі автомобиль жолдарының салыну жоспары және күтіп ұстауы.

Күн тәртібінде мәселе бойынша Хромтау аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар бөлімінің басшысы Сарсенғалиев Ренат Сагинғалиевичтің атқарылып жатқан жұмыстар туралы есебі,сонымен қатар Хромтау қаласының әкімі Шабикбаев Сағындық Нурғалиевичтің атқарылып жатырған жұмыстары туралы есебі **ТЫҢДАЛДЫ** (баяндама қоса тігілді)

Төрағасы келесі сөз сөйлеушілерге кезек берді.

Қоғамдық кеңестің мүшелері елді мекендегі су тасқынына байланысты,су ағарларды,дамбыларды,күре тас жолдарының астынан өтетін су ағарларды алдын-ала тексеріп су тасқынына жол бермеу керектігін ескертті сонымен қатар қала аумағындағы су ағарларды тазарту жұмыстарын жедел түрде қолға



алып, адам өміріне қауіп төнбеу шараларын ескертті. Автомобиль тас жолдарының сапасын арттыру өте маңызды екенін тілге тиек етті.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Нұрымбетов Амангелді қала көшелерін уақытында тазалауға техниканың аздығын айта отырып, техникаларды көбейтуге ұсыныс жасалды. Бір сөзбен айтқанда қала тазалығы басты мақсатта болу керек.

Аудандық қоғамдық кеңестің мүшелерімен аудандағы және қала аумағындағы көктемгі су-тасқынына байланысты көптеген маңызды сұрақтарына тиісті жауаптар тыңдалды.

Б.Ашабаев жиынға қатысушылардан басқа сұрақ бар-жоғын сұрады. Сұрақ жоқ. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

**Қоғамдық кеңестің төрағасы:**



**Б.Ашабаев**



## **Хромтау қаласындағы Автомобиль жолдарының ағымдағы жай-күйі және жолдарды жөндеу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы**

Хромтау қаласы қалаішілік автомобиль жолдарының ұзындығы **72 652, км**, оның ішінде:

**Қанағаттанарлық - 71,1 %**

**Қанағаттанарлықсыз – 29,9 %** (А.Молдагулова, А.Алипова, Алтынсарина, 6 мектеп жаны кіші Ауэзова, Амангелды, Ахтанова, Момышулы, Величко, Гагарина, переулок Гагарина, М.Горький, Даулеталина, Жамбыл, Донская, И.Дули, Елькеева, Есет батыра, Жангельдина, Имангазина, Каржауова, Кенжалина, Лахно Гокрький көшесінен Самара-Шымкентке дейін, Маметова, Наурыз, Омарова, Айтеке би, Шиловский, Элеватор, Республика грунтовые дороги)

Хромтау қаласы әкімдігімен а.ж. қалаішілік автомобиль жолдарын **қайта жаңғырту бойынша 10 көше және 10 көше орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жобалық сметалық құжаттамалары** әзірленіп, сараптама оң қорытындысы алынды, бюджеттік өтінім тапсырылды. Жобалық сметалық құжаттамаға сәйкес жөнделетін көшелердің жалпы ұзындығы **12 691,82 м**.

Аталған **қайта жаңғырту жоба аясында жол жиегіндегі суағарлар – 1100 м**, (Молдагулова-330 м, Алтынсарина-770 м,) **тротуарлар -2135 м** (Молдагулова-660 м, Алтынсарина-1010 м, 6 мектеп жаны малый Ауэзова-465 м).

**Орташа жөндеу жобасы аясында суағарлар – 990 м** (А.Каржауова- 450 м, Жангельдина- 440 м) **тротуарлар -1880 м** (А.Каржауова- 1100 м, М.Горький - 780 м) орнату жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Сонымен қатар қалаішілік жолдарға **ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу процедурасы жүргізіліп, өтінім қабылдау барысында.**

«Хромтау аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімімен»: **Л.Шиловский, Есет-батыр** көшелерінің автомобиль жолдарын қайта жаңғырту бойынша ЖСҚ әзірленіп мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып қорытындыланды және келісім шарт жасалу барысында.

Самара-Шымкент тас жолынан Хромтау қ. "Райгаз" АГЗ-ға дейінгі **Окраина** көшесі автомобиль жолын, **Алипова** көшесін қайта жаңғыртуға, Хромтау қ. **№ 22 тұрғын алабында** (II-кезең) кварталішілік автожолдар салуға және Жобалық сметалық құжаттама әзірлеуге қаржы бөлінді.



Жоғарыда айтып кеткен қанағаттанарлықсыз қалаішілік автомобиль жолдарының 90 %-ын осы жылға қайта жаңғырту және орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылды.

Аталған жұмыстар ағымдағы жылы өз мәресіне жеткен жағдайда жобалардың тікелей және түпкілікті нәтижелері сапалы асфальтбетон төсемімен және көше-жол желісінде жол қауіпсіздігімен қамтамасыз етіледі.

Хромтау қаласы қалаішілік жолдарының қанағаттанарлық жағдайы бар жолдардың үлесі 20,6% - ға артып, жалпы 91,7% - құрайтын болады.



Қар ақпарат.

2024 жылдың көктемгі су тасқыны кезеңін алдын алу бойынша Хромтау қаласындағы атқарылып жатқан жұмыстар бойынша ақпарат.

Ағымдағы жылы көктемгі су тасқыны кезеңін алдын алу жұмыстарына ақпан айында мемлекеттік сатып алу жүргізілді, нәтижесінде «Батыс 2030» ЖШС жеңімпаз болып анықталды. Мердігермен екі жылдық келісім- шарт наурыздың 1 күні жасалады.

Бүгінгі күнге мердігер тарапынан 8 самосвал, 3 жүк тиегіш және 14 жұмысшы жұмылдырылды. Ақпан айының 22-нен бүгінгі күнге дейін 22 кварталдан 631 рейс, шамамен 7500 шаршы метр қар шығарылды.

22 квартал мен Жаңа станция аймақтарын қысқы күтіп ұстау жұмыстарына жауапты «МЖК Стройсервис» ЖШС-мен су басу қауіпі бар Железнодорожная, Кенжалина көшесінен 4 самосвал мен 2 жүк тиегішпен 350 рейс, шамамен 4200 шаршы метр қар шығарылды.

ЖК «Қамысбай» су басу қауіпі бар Б.Имангазин көшесінен қар шығару жұмыстарына екі самосвал және бір жүктіегішпен 70 рейс, 850 шаршы метр қар шығарылды.

«Аққаз Құрылыс» ЖШС-мен И.Дули, Конаев, Құрманғазы, Конев көшесінен қар шығару жұмыстары 3 самосвал 2 жүк тиегішпен 100 рейс, 1200 шаршы метр қар шығарылды.

ЖК «Али» су басу қауіпі бар 22 квартал көшесінен қар шығару жұмыстарына 5 самосвал 2 жүк тиегішпен 575 рейс, 6900 шаршы метр қар шығарды.

Жалпы қала аумағынан су басу қауіпі бар аймақтардан 1726 рейс, шамамен 19 294 шаршы метр қар шығарылды.

Қосымша, Дөң тау кен байыту комбинатының тарапынан екі самосвал жұмылдырып отыр.



Қысқы кезеңде қар шығару жұмыстарына арналған 2 полигон бекітілген болатын. Алайда полигонның толуына байланысты тағы қосымша екі полигон қала сыртында дайындалды.

Қала бойынша су арықтарының жалпы ұзындығы 5200 метрді құрайды. Бүгінгі күнге 2200 метр арық қардан тазартылды.

Осы аптада жұмыстарды жүйелі жүргізуді жалғастырамыз, оның ішінде:

1. 7 мектептің маңындағы және Железнодорожный көшесіндегі арықтарды толық тазарту, бұны «Батыс 2030» ЖШС-і іске асырады.
2. №9 бала бақша аумағын қардан тазарту, №7 орта мектебінің ауласындағы қарды тазалау. Бұған аудандық білім беру бөлімін жұмылдыру.
3. Ә.Жангелдин, Б.Алдияров, 8 наурыз көшесіндегі қар тазалау жұмыстары ЖК Қамысбаймен жүргізіледі.
4. Т.Ахтанов, Мишина, А.Конев көшелерінің қар тазалау жұмыстарына «АК ҚазҚұрылыс» ЖШС-не жүктеледі.
5. Су басу қауіпі бар көп қабатты тұрғын үйлер аулаларын қардан тазалауға Дөң тау кен байыту комбинатының техникасын жұмылдыруға жоспарланып отыр.

Аталған жұмыстарға, қала кәсіпкерлерін және азаматтық қорғаудың инженерлік қызметі тарапынан қосымша техника жұмылдыру сұрағы қарастырылуда.